

**Ресми рецензент Абыканова Бакытгуль Толыбековнанын
6D010200 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
ұсынылған Өмірзақова Әсел Махамбетқызының «Болашақ бастауыш сынып
мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың
педагогикалық шарттары» атты диссертациясы туралы
жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Зерттеу мазмұны Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғыртуға, ауылдық мектептердің білім сапасын арттыруға және болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған нормативтік құжаттар мен мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерімен сабақтас. Атап айтқанда, зерттеу Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына, сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келеді. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында көрсетілген ауылдық білім беру сапасын арттыру, педагог кадрларды практикаға бағдарлап даярлау міндеттерімен үйлеседі.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, себебі диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесі қазіргі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі ретінде ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылған. Зерттеудің маңыздылығы ауылдық және шағын жинақты мектептер жағдайында педагог кадрларды даярлаудың мазмұны мен әдістемесін жетілдіру қажеттілігімен айқындалады.</p> <p>Диссертацияда «шағын жинақты мектеп», «оқу-әдістемелік жұмыс», «болашақ мұғалімдерді даярлау» ұғымдарының мәні нақтыланып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектеп жағдайындағы кәсіби қызметке даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделі ғылыми негізделген. Сонымен қатар зерттеу барысында ұсынылған модель мен әдістемелік жүйе тәжірибелік-эксперимент арқылы тексеріліп, оның тиімділігі дәлелденген.</p> <p>Жұмыстың ғылыми маңыздылығы – жоғары оқу орындарында болашақ педагогтерді даярлау жүйесін жетілдіруге, шағын жинақты мектептердегі оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздерін толықтыруға мүмкіндік беруінде. Зерттеу нәтижелері педагогика ғылымындағы шағын жинақты мектеп мәселелерін жаңа мазмұнда қарастыруға негіз болады.</p>
----	------------------------	---	--

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Өзі жазу деңгейі – жоғары, себебі зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың теориялық және практикалық негіздері жан-жақты талданып, автор тарапынан ғылыми тұрғыда жүйеленген. Диссертация мазмұнында зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерге терең талдау жасалып, шағын жинақты мектеп жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделі авторлық тұрғыда негізделген. Зерттеу жұмысының мазмұны, ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылар докторанттың зерттеу мәселесін өз бетінше зерделеп, ғылыми тұрғыда талдай алғанын көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертацияның өзектілігі негізделген, өйткені зерттеу барысында қазіргі білім беру жүйесіндегі ауылдық және шағын жинақты мектептердің ерекшеліктері, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау мәселесінің педагогикалық және әлеуметтік маңызы жан-жақты қарастырылған. Диссертацияда жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді шағын жинақты мектеп жағдайында кәсіби қызметке даярлау үдерісінің жеткіліксіз деңгейде ұйымдастырылуы мен оқу-әдістемелік жұмыстың ерекшеліктерін ескерудің қажеттілігі ғылыми тұрғыда негізделген. Сонымен қатар зерттеу тақырыбының мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарымен, педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру мәселелерімен және ауылдық білім беру жүйесін жетілдіру міндеттерімен өзара байланысы нақты көрсетілген.</p>

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертация мазмұны тақырыпты толықтай айқындайды, себебі диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдық мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан ашуға бағытталған. Зерттеу барысында шағын жинақты мектеп жағдайындағы оқу-әдістемелік жұмыстың ерекшеліктері, болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық шарттары, құрылымдық моделі және оның тәжірибелік тиімділігі жүйелі түрде қарастырылған</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Зерттеу мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді, өйткені зерттеудің мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделін теориялық негіздеу және тәжірибелік-эксперименттік тексеру болып табылады. Зерттеу міндеттері аталған мақсатты жүзеге асыруға толық бағытталған және диссертация тақырыбының мазмұнымен өзара логикалық байланыста құрылған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері бір бірімен толық байланысқан, себебі диссертацияның құрылымы зерттеу логикасына сәйкес бірізді құрылған. Диссертацияның теориялық бөлімдерінде қарастырылған ғылыми-әдіснамалық негіздер тәжірибелік бөлімдерде жалғасын тауып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделін әзірлеу және тәжірибелік-эксперименттік тексерумен өзара сабақтастықта берілген. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылған қағидалары мен қорытындылары арасында логикалық</p>

			бірізділік сақталған.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар, себебі диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесіне катысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасалған. Автор шағын жинақты мектеп жағдайындағы педагог кадрларды даярлаудың қазіргі жай-күйін саралап, қолданыстағы теориялар мен әдістемелердің ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыдан бағалаған. Соның негізінде зерттеуде педагогикалық шарттар мен құрылымдық модель ұсынылып, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген. Ұсынылған ғылыми шешімдер бұрыннан белгілі педагогикалық тәсілдермен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен практикалық маңыздылығы негізделген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми нәтижелер толығымен жаңа, себебі диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары алғаш рет жүйеленіп, олардың мазмұны ғылыми тұрғыда нақтыланған. Сонымен қатар шағын жинақты мектеп жағдайында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың құрылымдық моделі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген. Зерттеуде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері, цифрлық ресурстарды қолдану, тәлімгерлік орта қалыптастыру және практикаға бағытталған даярлық мәселелері кешенді түрде қарастырылып, педагогика ғылымын жаңа ғылыми-әдістемелік мазмұнмен толықтырған.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Қорытындылар толығымен жаңа, себебі зерттеу қорытындылары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделінің тиімділігін ғылыми және тәжірибелік тұрғыда дәлелдеуге негізделген. Диссертацияда алынған нәтижелер жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде шағын жинақты мектепке маман даярлау мәселесін жетілдіруге бағытталған жаңа ғылыми қорытындылар мен практикалық ұсыныстарды қамтиды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Шешімдер жаңа және негізделген, себебі зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделі, педагогикалық шарттары және цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға негізделген әдістемелік шешімдері ұсынылған. Ұсынылған шешімдердің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, математикалық-статистикалық өңдеу қорытындыларымен және оқу үдерісіне енгізу нәтижелерімен дәлелденген</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген, себебі зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құжаттарға, педагогикалық тәжірибелерге кешенді талдау жүргізілген. Диссертацияның негізгі нәтижелері тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, алынған мәліметтер математикалық-статистикалық әдістермен өңделген. Зерттеу қорытындылары теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік нәтижелердің өзара сәйкестігі</p>

			негізінде дәлелденген және ғылыми тұрғыдан негізді болып табылады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	<p>Әрбір қағида бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда қағиданың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қағида дәлелденді, себебі диссертацияда ұсынылған теориялық қағидалар мен педагогикалық шарттардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер математикалық-статистикалық әдістермен өңделіп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау деңгейінің оң динамикасы анықталған. Сондықтан қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми тұрғыдан негізделіп, тәжірибе жүзінде дәлелденген</p>
		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда қағиданың тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қағидалар тривиалды емес, себебі диссертацияда қарастырылған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесі педагогика ғылымындағы өзекті әрі жеткілікті деңгейде кешенді зерттелмеген бағыттардың бірі болып табылады. Автор ұсынған педагогикалық шарттар, құрылымдық модель және практикаға бағытталған даярлау жүйесі ғылыми жаңашылдығымен және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Сондықтан қорғауға ұсынылған қағидалар тривиалды сипатқа ие емес.</p>
		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда қағиданың жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қағидалар жаңа, себебі диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделі алғаш рет ғылыми тұрғыда негізделген.</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда қағиданың қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 	<p>Қолдану деңгейі кең, себебі диссертация нәтижелерін, «Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі» және «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері» атты оқу құралдарын жоғары оқу орындарында, педагогикалық практика барысында және шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру үдерісінде қолдануға кеңінен мүмкіндік береді.</p>
		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы қағиданың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>Қағидалар мақалада дәлелденген, себебі диссертацияның негізгі ғылыми қағидалары мен нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми басылымдарда жарияланған мақалаларда көрініс тауып, ғылыми қауымдастыққа ұсынылған.</p>
<p>8.</p>	<p>Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. 	<p>Зерттеу әдіснамасы негізделген, себебі диссертацияда зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері нақты айқындалып, жүйелілік-мазмұндық, тұлғалық-бағдарлы және іс-әрекеттік тәсілдерге сүйене отырып негізделген. Сонымен қатар зерттеу әдістері мен оларды қолдану логикасы диссертация мазмұнында нақты көрсетілген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. 	<p>Ия, себебі диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында SPSS бағдарламасы негізінде математикалық-статистикалық өңдеу жүргізіліп, Студенттің t-критерийі, ANOVA талдауы және сипаттамалық статистика әдістері пайдаланылған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Ия, себебі эксперименттік зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау деңгейіндегі өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берген. Зерттеу барысында алынған мәліметтер педагогикалық эксперимент негізінде талданып, математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңделген және ұсынылған құрылымдық модельдің тиімділігі дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Автор негізгі мәлімдемелер бойынша зерттеу мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік құжаттарына, ғылыми зерттеу жұмыстарына, оқу-әдістемелік әдебиеттерге және халықаралық рецензияланатын журналдардағы жарияланымдарға сілтемелер жасаған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңінен қамтылған. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді 199 дереккөз пайдаланылған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті. Олай дейтініміз пайдаланылған әдебиеттер тізімінде зерттеу тақырыбына сәйкес келетін отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, нормативтік құжаттар, оқу-әдістемелік әдебиеттер және халықаралық рецензияланатын журналдардағы жарияланымдар қамтылған.</p>

9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, өйткені зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау үдерісінің теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты айқындалған. Автор «шағын жинақты мектеп», «оқу-әдістемелік жұмыс», «шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық» ұғымдарының мазмұнын нақтылап, олардың педагогикалық мәнін ғылыми тұрғыдан негіздеген. Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары анықталып, құрылымдық моделі әзірленген. Ұсынылған модель тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, оның тиімділігі дәлелденген. Сондықтан зерттеу нәтижелері педагогика ғылымының теориялық қорын толықтырып, болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесін ғылыми тұрғыдан жетілдіруге мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Зерттеу нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деуге болады, себебі диссертация нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды даярлау барысында, педагогикалық практика үдерісінде және шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға мүмкіндік бар. Зерттеу аясында «Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі», «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері» атты оқу құралдары, элективті курс, әдістемелік ұсынымдар мен жұмыс бағдарламалары әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілген.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа, себебі зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауға арналған педагогикалық шарттар, құрылымдық модель, элективті курстар, әдістемелік ұсынымдар және тәжірибеге бағытталған оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі алғаш рет кешенді түрде ұсынылған. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері негізінде әзірленген оқу құралдары мен жұмыс бағдарламалары шағын жинақты мектеп жағдайында педагог мамандарды даярлаудың практикалық мазмұнын жетілдіруге бағытталған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары, өйткені Өмірзақова Асел Махамбетқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» атты диссертациясы ғылыми стиль талаптарына сай жүйелі, мазмұнды және сауатты жазылған. Диссертацияда ғылыми терминдер орынды қолданылып, зерттеу материалдары бірізді әрі логикалық байланыста берілген.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертация мазмұны ғылыми талаптарға сәйкес орындалғанымен, зерттеу жұмысында кейбір теориялық тұжырымдарды заманауи халықаралық зерттеулермен тереңірек байланыстыруға болар еді.</p> <p>Жекелеген бөлімдерде ғылыми стильге тән күрделі сөйлемдердің көлемі үлкен болғандықтан, кейбір ойларды ықшамдап беру жұмыстың қабылдануын жеңілдетер еді. Алайда аталған ескертулер диссертацияның ғылыми құндылығы мен практикалық маңызын төмендетпейді.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		<p>Докторант мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары деп бағаланады, себебі зерттеу нәтижелері Scopus халықаралық деректер базасына енетін рецензияланатын ғылыми журналдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім</p>

		саласында танылған отандық ғылыми басылымдарда жарияланған. Жарияланған мақалалар мазмұны диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау мәселесінің теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды. Автор бұған қоса 2 оқу құралын шығарған.
13	Ресми рецензенттің шешімі	Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қорытынды: Өмірзақова Әсел Махамбетқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертацияға қойған талаптарына толығымен сәйкес келеді және оның авторы «6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санап, осының негізінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру лайық деп санаймын.

**Ресми рецензент,
Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
қауымдастырылған профессоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты**

Б.Т. Абыканова

Б.Т. Абыканова

Б. Абыканова

_____ қолын

(қолдарын) растаймын

Персоналды басқару және дамыту бөлімінің

бастығы: *[Signature]*

« ____ » _____ 20 ____ ж.

